

Иран президенті Түркия үкіметінің президентімен, премьер-министрімен, кездесіп екіжақты қатынастардың өзекті мәселелерімен қатар аймақтық саясат мәселелерін де қарастырды. Алайда басты мақсат Түркияға Иран газын жеткізу және Еуропаға өткізу үшін газ құбырын салу мәселесі болатын. Осыған қатысты екіжақты құжаттарға қол қойылғанмен, Иран-ЕО газ құбырының жобасы (жоба 3,5 млрд. долл. құрайды) жөнінде арнайы құжаттарға қол қойылмады. Батыс баспасөздері мұны Вашингтонның қысымы себеп болды десе, кездесуші жақ мұны техникалық себептерге байланысты деп түсіндіреді [5]. Сонымен қатар Иранмен экономикалық қатынастар жандана дамуда. Өзінің географиялық қолайлы орналасуына байланысты Түркия Иран үшін оның тауарларын Еуропаның рыногына шығарудың бірден-бір жолы ретінде рөл атқаруда. Соңғы кезде екі ел арасында сауда қатынастары жоғарғы қарқынмен дамуда. 2006 жылы тауар айналымының жалпы көлемі 6,7 млрд доллар көлемінде болса, 2010 жылы 10 млрд долларға жеткізу көзделуде. Иранда 40-қа жуық түрік фирмалары жұмыс істейді. Иран Түркияға, ең алдымен мұнай шикізатын және табиғи газды экспорттаса, Түркиядан машиналар, өндіріс жабдықтарын, темекі, қара металлургия өнімдерін сатып алып отыр [6].

Екіжақты экономикалық қатынастардың негізгі көзі - газ мәселесі. 1996 жылы арнайы келісімге қол қою арқылы Түркия мен Иран арасында 2005 жылдан бастап 22 жыл бойы Иран жағы 228 млрд куб метр газ жіберіп отыруға келіскен болатын. Алайда осы жоба басталғаннан бері екі жақ газдың бағасына келісе алмай, газ уақытында жеткізілмей әртүрлі кедергілерге кездесіп отыр. Осы ретте АҚШ-тың осы мәселеге қатысты саясаты да өз әсерін тигізіп отырғанын атап өтуге болады. Анкарадағы Америка елшілігінің өкілдері: Тегеранмен 20 млн долл. көлемінде келісімге қол қойып, Иран экономикасының мұнай-газ секторының мүмкіндігін кеңейтуге себеп болған кез келген шетел фирмасы АҚШ тарапынан санкцияға ұшырайды, яғни америкалық фирмаларымен сауда-экономикалық қатынасы шектеледі деген талаптарын білдірді [7].

Түркия осы себепті пайдаланып, Иранның газын арзан бағаға сатып алғысы келіп отыр ма деген ой келеді. Түркия тек Иранға ғана қарап отырған жоқ, өйткені әртүрлі жағдайларға байланысты Иран газы толық жетпей қалуы мүмкін, сондықтан Түркия «Көгілдір тасқын» бағдарламасы бойынша Ресейден келетін газды да сатып алу арқылы өзінің мұқтажын қанағаттандыруға тырысып отыр. Жылына осы жоба бойынша Түркия экономикасы 34 млн текше метр газбен қамтамасыз етіледі.

Қазіргі кезде Иранның энергетикалық дипломатиясы тек қана Түркияны емес, сонымен қатар көрші жатқан Үндістан, Пәкістан, Қытай, БАӘ елдерін де қамтып отыр. Көгілдір отын өндіруден әлемдегі бес ел қатарына кіретін Иран мұнайының мол қорын да алға ұстап, сыртқы саясатта өзіне қолайлы жағдай жасауға әрекеттеніп жатқаны сөзсіз. Қорыта келгенде, қазіргі кезде Иран мен Түркия арасындағы қатынастар аймақтық деңгейде бір қалыпқа түсіп, тұрақты сипатта дами бастағанын көреміз. АҚШ қанша қарсы болғанмен Түркия да, Иран да өз мүдделеріне сай бұл қатынастарды тұрақты ұстауға тырысып, әртүрлі дипломатиялық әдістерді қолдануда. Әлі де болса Иран өзінің ядролық бағдарламасынан бас тартпай отыр, ал Түркия болса бұл мәселеге сақтықпен қараса да, бұл Иранның өзінің ішкі мәселесі деген пікірде. Осындай ұстанымдары бар екі мемлекеттің де болашақта өзара ынтымақтастық қатынастарды одан әрі дамытуға мүдделі екені айқын.

1. www.iimes.ru/rus/stat/2008/29-07-08c.htm

2. Синан Оган. Правящая партия и турецко-российские отношения// Азия и Африка сегодня. - 2008. - № 12. - С.45-46.

3. Турецко-иранский бизнес спутал карты Вашингтону// www.iimes.ru

4. Турецко-иранские отношения и газовый вопрос// www.iimes.ru

5. <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1238191140>

6. www.iimes.ru

7. <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1238191140>

Р.С. Мырзабекова

ИРАН ЖӘНЕ РЕСЕЙ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ОДАҚТАСТАР РЕТІНДЕ: ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Әлемде қазір аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз ету саласымен өзара тиімді экономикалық және мәдени әріптестік мақсатындағы байланысты қалыптастыруда бүгінгі таңдағы Иран және Ресей сияқты державалардың стратегиялық әріптестігі, географиялық жағынан бір-біріне жақындығы маңызды рөл атқарады. Ресей-Иран стратегиялық әріптестігінің алғышартына негіз болып отырған

факторлардың аясы кең. Еуразия аймағындағы жалпы геосаяси жағдай Ресей-Иран арасындағы ынтымақтастық пен қарым-қатынас сипатына байланысты.

Қазіргі таңда Иран және Ресей маңызды геосаяси жағдайды иеленген, стратегиялық пайдалы қазбалары мол, адам қоры мен әскери және экономикалық әлеуеті жеткілікті мемлекеттер болып табылады. Мысалы, Иранның территориялық көлемі 1648 мың кв. км-ге тең. Бұл Таяу және Орта Шығыстағы мемлекеттердің ішінде территориясы жағынан ең үлкен, теңізге шығу жолдарының мүмкіндігі ерекше (Иран шекарасының 1/3 бөлігі теңізде) екендігінің дәлелі. Бұл жағдай Иранның көптеген елдермен экономикалық байланысын жеңілдетеді. Мұнай қоры бойынша Иран әлемде бірінші орындарды иеленеді және мыс, хромит, никель және кобальт, табиғи газ сияқты маңызды стратегиялық шикізатқа бай [1]. Тұрғындарының саны бойынша да Иран Орта және Таяу Шығыстағы ірі мемлекеттердің бірі. Ресей сияқты Иранның көп ұлтты, жартылай конфессиялы мемлекет деуге болады. Осы жағдай Иранның аймақта тұрақтылықты қалыптастыруға итермелейді.

Иран мен Ресей бүгінгі таңда ортақ су бассейнін - Каспий теңізін иеленіп отыр. Иранның зерттеушілердің пікірі бойынша, Каспийге қатысты Иранның өзіндік мүддесі бар, ол Каспий мұнайын өз территориясы арқылы тасымалдаумен байланысты. Бұл жобаны іске асыру Иранға экономикалық жағынан әлеуетін көтеруге және аймақтағы ірі күшке айналуға мүмкіндік береді [2]. Сонымен бірге Каспий теңізін аймақтарға бөлу жобасына байланысты Ресей мен Иран мүддесі түйісіп отыр. Ресей мен Иранның ұстанымы бойынша, Каспийдің бөлінуі екі мемлекетке де тиімсіз. Олардың ойынша, Каспийді бөлу жобасы іске асқан жағдайда екі мемлекет 200 мың кв. км жоғалтады және бұл Каспий аймағына батыс державаларының ықпалын өсіріп, аймақтағы Иран мен Ресей ұстанымын әлсіретуі мүмкін [3]. Ресей үшін Иран - Солтүстік Кавказдағы тұрақтылықты сақтауға үлес қосатын әріптестердің бірі. Кейбір шетелдік сараптаушылардың пікірі бойынша «Иран Шешенстандағы әрекетіне байланысты Ресейге деген мұсылман әлемінің жағымсыз көзқарасын азайтуға үлес қосады» [4].

Әскери-техникалық, экономикалық және сауда салаларындағы Иран және Ресей ынтымақтастығының мүмкіндігі мен болашағы зор. Бұл Ресей мен Иран мемлекет қайраткерлерінің кездесулерінде үнемі айтылып жүр. Бүгінгі таңда Иранда Ресей өнеркәсібі үшін, әсіресе қару-жарақ саласы бойынша кең нарықтық мүмкіндіктер қалыптасқан. Кейбір батыс сарапшыларының бағалауы бойынша «Иранға қару-жарақ сатуға байланысты келісімдердің көлемі 1-7 млрд долларды құрайды» [5]. Сонымен қатар ядролық энергетика, мұнай, газ орындарын барлау, транспорт саласында ынтымақтастық орнатуға кең мүмкіндіктерге жол ашылған [6].

Иран да өз тауарларын, соның ішінде тоқыма өнімдері мен тамақ өнеркәсібі өнімдерін, теңіз өнімдерін сыртқа шығару үшін Ресей нарығына мүдделі. Ресей мен Иранның ХХІ ғ. әлемдік өркениеттер дамуының концепцияларында да ортақтықтар бар. Мысалы, әлемнің көпполярлы идеясы Иранның «өркениеттер диалогіне» ұқсас болып табылады [7].

1979 жылғы Иран революциясының маңызы, ең алдымен, әлемде әділ дүниетанымдық іргелі ұстанымдары бар мемлекеттің пайда болуымен сипатталады. Иран, бұрынғы президенті Мохаммад Хатами бейнесінде әлемге қазіргі таңдағы жалғыз әмбебап ұстаным «Өркениеттер диалогін» алып келді. Бұл ұстанымға байланысты әлем мен адамзаттың гүлденуі өзге өркениеттерге деген сыйластықтан, олармен пікір алмасудағы ашықтықтан туындайды. Бұл «өркениеттер қақтығысы» ұстанымына немесе, әлемді ғаламдану шеңберінде бір ізге салып үйлестіруге қарсы. Соңғы уақыттарда Иран Алдыңғы және Орталық Азиядағы ұлттар мен мәдениеттердің диалогіне шақырған біртұтас макроаймақтық жоба ұсынып отыр. Сонымен қатар Иран кез келген мемлекеттік өркениеттің тәуелсіз дамуы өзгеше доктрина, стратегия, даму жоспары мен жобасы негізінде дамиды, модернизация негізінде құрылмайды деп дәлелдеп отыр. Иранның «өркениеттер диалогі» «Үлкен Таяу Шығыс» деп аталатын АҚШ-тың саяси-географиялық жобасына жалғыз альтернатива болып табылады. Ресей де «Үлкен Таяу Шығыс» доктринасының болашағына сенімсіздікпен қарайды [8].

Қазіргі кезде әртүрлі салаларда Ресей-Иран әріптестігіне негіз болар алғышарттар жетерлік. Әріптестіктің шынайы болашағын болжау үшін, орыс-иран қатынастарының тарихына қысқаша көз жүгіртіп көрейік. Ресей тарихшыларының көрсетуі бойынша: «Иран ежелден Ресей үшін Шығыстағы сауда-экономикалық әріптес бола отырып, ғасырлар бойы Ресейдің шығыстық саясатының маңызды бағыттарының бірі болып қала берді» [9]. Ресей мен Иран арасындағы тұрақты дипломатиялық қатынастар Ирандағы билік басына Сефевилер династиясының келуімен байланысты (1502-1736 жж.) болды. Әскери-саяси одақ қалыптастыруға ұмтылыстар болғанымен, алғашында Ресей-Иран қатынастарының ішінде сауда байланыстары жақсы дамыды.

XVI-XVII ғғ. Ресей мен Иранның Түркияға қарсы одақ құруға ұмтылыстары және I Петрдің Парсы жорығы Ресей ұстанымдарын осы аймақта күшейтуге тырысты [10]. Осы кезеңде Ресей

Закавказьедегі ықпал ету аймағы үшін белсенді күресін бастады. XIX ғ. басы шығыс мәселесінің ушығуымен, еуропалық державалардың ықпал ету аймағы мен шикізат көзі үшін күресімен, Ресей-Иран қатынастарының нашарлауымен сипатталады. Ресей-Иран қатынастарының ушығуына Ұлыбритания мен Франция саясаты да ықпал етті.

XIX ғ. екінші жартысында Ресей әскери қуаты жағынан мықты мемлекетке айналып, сыртқы саяси мәселелерін тиімді түрде шеше бастады. I Николай билігінің алғашқы сатысында Ресейдің Еуропадан әскери-техникалық артта қалушылығы аса байқалған жоқ. ХУІІІ ғ. соңынан бастап Ресей сыртқы саясатында еуразиялық империя ретіндегі бейнесін көрсете бастады. I Николай патшалық ету кезеңінде сыртқы саясаттағы орталық орын - шығыс мәселесіне, Осман империясымен қарым-қатынасқа берілді. Ресей үшін өз ұстанымдарын Қара теңіз жағалауында күшейту, елдің оңтүстігіндегі шекараны қорғау маңызды еді. Ресейдің сыртқы саясаты үшін маңызды мәселе - Босфор және Дарданелл бұғаздарында Ресей үшін тиімді жағдай қылыптастыру да күн тәртібінен түскен жоқ. Ресей сауда кемелерінің бұғаздардан еркін өтуі мемлекеттің оңтүстік аудандарының экономикалық дамуына, гүлденуіне ықпал етер еді.

Ресей саясатының маңызды бағыттарының бірі Кавказ болып қала берді. Ресей Кавказдағы иеліктерін кеңейтіп, Закавказьедегі шекарасын тұрақтандырып, Кавказ аймағын Ресей империясының құрамына қосуға ұмтылды. Осы аймақтағы Ресей бақталасы Иран болды. Иран мен Ресей арасындағы бейбіт келісім бойынша Ресей Шығыс Закавказьедегі бірқатар территорияларды, Каспий теңізінің батыс жағалауын өз құрамына қосып алды. XIX ғ. 20-шы жылдары Иран Талыш, Карабах хандықтарының қайтарылуын талап етті. Шах ауласында орыстарға қарсы бағытталған топ пайда болды. 1826 жылы маусымда Иран әскері Карабахқа енді. Орыс-Иран соғысы басталды. Иран әскербасшысы Закавказьедегі орыс иелігін жоюды көздеді. 1828 жылы Түркманчай келісіміне қол қойылды. Келісім бойынша Эриван, Нахичеван хандықтары Ресей құрамына кірді. XIX ғ. 20-ж. Орыс-Иран соғысы нәтижесінде Ресей империясының құрамына Закавказье кірді.

1838 және 1856 жж. Иран Гератқа екі рет жорық жасағанда екі мемлекет арасында қысқа мерзімге одақтастық қатынас орнады. Дегенмен, XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында Иранның Ұлыбританияның экономикалық қанауына түсуі Иран халқы алдында Ресей беделін төмендетті. Бұндай жағдай 1917 ж. Ресейде болған Қазан төңкерісінен кейін түзелгендей болды.

1921 жылы Кеңес-Иран келісімі бойынша, кеңестік Ресей Иранға тиесілі патшалық Ресейдің мүлкінен бас тартты. Келісімнің 6-шы бабы бойынша кеңес әскері «Иранды өзге мемлекеттердің Ресейге қарсы әскери база ретінде қолдануына жол бермеу үшін» Иранға ену мүмкіндігін алды [11]. Сонымен қатар Каспий суын тең пайдалану 1940 ж. «Теңіз ісі туралы сауда келісінде» бекітілді [12]. Кейінірек Иран мен КСРО арасында экономика саласында ынтымақтастық дамытылды. КСРО Иранға индустриализация жасауға, 1929-1933 жж. аралығындағы дағдарыс кезеңінде үлкен көмек көрсетті. Бірақ Ұлыбритания қысымымен, Иран билеушілері және жаңа Пехлеви династиясының шахтары КСРО мен сауда-экономикалық ынтымақтастықтың кеңеюіне кедергі келтірді.

90-ж. ТМД қалыптасқаннан кейін Иран мен Ресей арасында геосаяси мүдделерге бағындырылған жаңа ынтымақтастық-аймақтық сала пайда болды. Қазіргі таңда Ресей мен Иран стратегиялық әріптестігінің болашағы қандай болуы мүмкін деген сұрақ екі мемлекетті де толғандырады. Ресей мен Иранның келісілген саясат жүргізетін аймағы - Закавказье, Ауғанстан және Каспий теңізі деуге болады. Закавказье, Әзірбайжан, Грузия, Түркия территориясы арқылы Баку-Джейхан мұнай құбыры өтуге тиіс. Сонымен бірге Каспий теңізінің түбімен өтетін газ құбыры түрікмен газын Түркияға әкелер еді. Осы құбырларға қатысты Стамбул қаласында 1999 ж. ЕҚЫҰ саммитінде халықаралық жоба қабылданды. Қабылданған жоба бойынша, құбырлар Ресей мен Иран территориясынан тыс жерлермен өтеді.

Мұнай мен газға байланысты екі мемлекет те бір-біріне тәуелсіз өз мүдделерін көздейтіндіктеріне қарамастан, құбыр салу жобасы Ресейге де Иранға да тиімсіз деп танылды. Себебі, олардың ойынша бұл жоба батыс державаларының мүддесінің күшеюіне алып келуі мүмкін [13]. Ресей-Иран ынтымақтастығында Орталық Азия аймағының орны да бөлек. Бұл аймаққа байланысты Иранның өзіндік мүдделері бар, сондықтан осы аймақ бойынша Ресей Иранның әріптесінен гөрі, бәсекелесіне айналу мүмкіндігі жоғары [14].

Ресей-Иран ынтымақтастығының дамуындағы маңызды орын Ауған мәселесін шешуге арналады. Ауғанстандағы тұрақтылық пен қауіпсіздік Ресей-Иран мүдделерінің аймағы болып табылатындықтан, екі мемлекетке де әсер етеді. Иранның ауған шииттерінің тағдыры, наркотрафик мәселесі толғандырса, орыстар Ауғанстан мәселесінің Өзбекстан мен Тәжікстанға әсер етуінен қауіптенеді. Себебі, бұл территорияларда Ресей қарулы күштері бірге шекара мәселесін қорғауға қатысады.

2005-2006 жылдар шеңберінде батыс сарапшыларының көзқарасы бойынша, Иранның ядролық жобасы аса маңызды геосаяси мәселеге айналды. Ресей соңғы жылдары Иранның ядролық бағдарламасы бейбіт мақсатта және экономикалық сипатты иеленеді деп сеніп отыр. Бұл жерден Иран мен Ресейдің экономикалық әріптестігінің сипатын байқауға болады. Экономикалық әріптестікке байланысты әскери келісімдерді, атом станциясын салуды, энергетикалық саладағы шараларды айтуға болады.

Қазіргі таңда Ресей Иранмен экономикалық салада болашағы зор шараларды іске асыруға ұмтылып отырғанымен, қандай да бір саяси одақтан қашқақтап отырған сияқты. Себебі, екі ел қарым-қатынастарының болашағын прагматикалық болжаумен есептейді. Дегенмен, бірқатар қиындықтарға қарамастан, Ресей мен Иран бүгін әріптес мемлекеттер болып табылады, ол экономикалық және сауда қатынастарынан, аймақтық ынтымақтастықтан көрініс алып отыр. Осы салалардағы екі мемлекеттің ынтымақтастығы талас тудырмайды. Сыртқы саясатты осы бағыттарда белсендірген жағдайда Ресей мен Иранның болашақта стратегиялық одақтастар болуына үлкен мүмкіндіктері бар.

1. Современный Иран. Справочник. - М., 1993. - С. 4-7.
2. Хуторская В.В. Взаимоотношения Исламской Республики Иран и стран Центральной Азии // Иран: Ислам и власть. - М., 2001. - С. 233-234.
3. Санаи М. Взаимоотношения Ирана и стран Центральной Азии. - Алматы, 1997.
4. Америке нужна Россия, чтобы сдерживать Иран («Los Angeles Times», США) Бренда Шаффер (Brenda Saffer), 22 февраля 2002, Перевод: Федотов Виктор, <http://www.idsa-iran.org/full/143167.html>
5. 13 марта 2001г. Военное сотрудничество с Ираном // <http://www.caucasus.dk/spravka/13mar2001/322.htm>
6. Кулагина Л.М., Ахмедов В.М. Иран выходит из изоляции // Иран: ислам и власть- Сб. статей. - М., 2001. - С. 149-163.
7. Арунова М.Р. РФ-ИРИ. Политический диалог: 1999-2000 гг. // Иран: ислам и власть/ Сб. статей. - М., 2001. - С. 185.
8. Ткаченко А. Большой Ближний Восток: судьба реформ // Азия и Африка сегодня - № 6 (587). - 2006. - С. 48.
9. Сажин В. Каковы рамки российско-иранского партнерства? http://world.ng.ru/azimuth/2001-03-01/2_iran.html
10. Гушер А. Иран и Россия: что мешает их дальнейшему сближению? // Азия и Африка сегодня. - № 5(598). - 2007. - С. 62.
11. Орлов Е.А. Россия и Иран в XX веке (основные этапы взаимоотношений) // Иран: ислам и власть/ Сб. статей. - М., 2001. - С. 195-196
12. Санаи М. Взаимоотношения Ирана и стран Центральной Азии. - Алматы, 1997. - С. 63.
13. Файзуллаев Д. Российские интересы в Иране. - М., 2008.
14. Файзуллаев Д. Россия и геополитическая перегруппировка сил в Центральной Азии // Азия и Африка сегодня. - № 3 (584). - 2006. - С. 10.

М.С. Мырзабеков

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ИРАН ИСЛАМ РЕСПУБЛИКАСЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігіне қол жеткізген сәттен бастап өзінің сыртқы саяси басымдықтарының бірі ретінде Иран Ислам Республикасы ынтымақтастығын дамытып нығайтуды мақсат тұтты. Қазақстан Республикасы үшін Иранның географиялық орналасуы стратегиялық маңызы бар. Себебі, біздің еліміздің әлемдік коммуникацияларға шығуы және екі елдің Экономикалық ынтымақтастық ұйымына мүше болуы сауда-экономикалық қатынастарды дамытуға негіз салып берді. Иран Ислам Республикасы орасан зор адам ресурстарын, дамыған индустриялық өнеркәсіп және ауыл шаруашылығын, айтарлықтай инвестициялық мүмкіндіктерді иемденді. Нақ осы фактор Қазақстан Республикасының Иранмен экономикалық ынтымақтастықтың түрлі салаларында негізгі әріптес бола алады. Иран аймақтық держава ретінде сыртқы айналымдардың қарсылығына қарамастан, Орталық Азия мен Каспий аймағында көп мақсатты көздейтін өзінің мүдделерін қорғап келеді.

Иран Ислам Республикасы өзінің сыртқы саяси бағдарында Орталық Азия жаңа тәуелсіз мемлекеттермен жан-жақты қатынастарды дамытып, нығайтуды көздейді, бұндай елдердің салмағы мен әлеуетіне (саяси, экономикалық) байланысты Иран үшін мейлінше болашаққа сенімді әріптес бола алады екен.

Иран өз кезегінде ЖТМ-мен, соның ішінде Қазақстан Республикасымен интеграциялық жақындасу және оны тереңдетудің басты факторы ретінде өзінің қолайлы географиялық орналасуын алға тартады. Орталық Азия елдерінің күннен-күнге әлемдік көлік-коммуникацияларына шығу қажеттілігін түсіне отырып, өзінің Орталық Азия мемлекеттерінің сыртқы әлеммен байланыстыратын көпір ретіндегі рөлді атқаруға талпынады. Осылайша Иран Орталық Азия елдерінің тауарлары мен шикізатын әлемдік нарыққа шығару мәселесін шеше отырып, осы салада Ресей үшін бәсекелес болып отыр.